

"Шет елдегі мекемеге жұмысқа барудан бас тарту үшін дәлелді деп танылатын себептердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер Министрінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі № 243 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 11-1-2/126 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 сәуірде № 10842 тіркелді

«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 5-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Шет елдегі мекемеге жұмысқа барудан бас тарту үшін дәлелді деп танылатын себептердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі № 243 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1849 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетені, 2002 жылғы № 30, 645-құжат жарияланған) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 5-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н : » .

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Әкімшілік және бақылау д е п а р т а м е н т і :

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға ж і б е р у д і ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы А.Б. Қарашевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р і н і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы Р. Ж о ш ы б а е в

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК